

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы
7 қыркүйек 2021 жыл

Қатысқандар: 40

Күн тәртібінде

1. Ұлт мәдениетінің ерекшелігін, қадір-қасиетін құрметтеу /кеңес төрайымы: М.Ж.Асанова
2. Педагогтердің, білім алушылардың әлеуметтік бөлінуіне тыйым салу /кеңес мүшесі: А.Т.Бектлеуова
3. Педагогтердің мектеп ұжымында сенімді жұмыс жасау бағытындағы жұмыстар /кеңес мүшесі: Г.Н.Атыбаева

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы М.Ж.Асанова сөз алды:

Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар.

Ұлттық мәдениеттің ерекшелігі туралы сөз қозғап өтейін. Мәдениет дегеніміз қоғамның тарихи дамуында жеткен сатысын көрсететін, адамзаттың шығармашылық қызметінің үдерісінде жасалған және жасайтын рухани және материалдық құндылықтардың жиынтығы. Ал Қазақстанның географиялық орналасуы жағын қарастырсақ еліміз шығыстық елдер қатарына жатады сондай-ақ Азия құрлығына шектеседі қоғам өмірінде, шаруашылығы мен мәдениетінде тұрмыстық пайдаланатын материалдық игіліктер Шығыс және Батыс мәдениетінің түрлерін қамтиды, сондықтан біздің мәдениетіміз орналасқан жеріне байланысты дүние жүзінде іске асырылып жатқан мәдени үрдістерден тыс қалмай, солармен қатар дамып келеді

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі А.Т.Бектлеуова /оқу жөніндегі әдіскері/:

Педагог- педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтік кәсіптік қызметін жүзеге асырады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі: Г.Н.Атыбаева /Қазақстан тарихы пәні мұғалімі/:

Педагогтардың кәсіби-педагогикалық қасиеттерін қалыптастыру, жетілдіру жұмысына сапалық серпіліс жасауға, оған шын мәнінде үздіксіз, біртұтастық сипат беруге, мектептен бастап, білім беру мекемелерінің, арнаулы, жоғары білім беретін оқу орындарының бірігіп ғылыми-практикалық және әдістемелік тұрғыда жұмыс жасауын қолға алуға, яғни үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің біртұтастық, бірізділік, икемді, динамикалық, т.б. қасиеттерге ие интегративті сапасын өмірде пайдалануға баса назар аудару бүгінгі күн талабы болып отыр.

Қазіргі кезеңде жеке тұлғаға бағдарланған білім мәселесі 12 жылдық білім беруге көшу мен жаңа тұрпатты педагог қалыптастыру міндетін қойып отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің “Қазақстан Республикасының жаңа тұрпатты педагогін үздіксіз педагогикалық білімі” тұжырымдамасында анықталған негізгі бағыттарды басшылыққа ала отырып, жаңа тұрпатты педагогті қалыптастыру жүйесінің белгіленген 5 сатысының сапасын жақсарту ең басты мәселе болып табылады.

Қорытынды сөз. Кеңес төрайымы: М.Ж.Асанова:

Құрметті кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар бүгінгі отырыста ұлттық мәдениеттің ерекшелігі қаралды, ұстаздардың педагогикалық әдебі туралы да сөз қозғалды. Қазақстан тарихы пәні мұғалімі, кеңес мүшесі Гүлзат Нұрлановна мұғалім тек мұғалім емес, ол жас ұрпаққа үлгі болу тұлғасы екенін айтты. Мұғалім өз ісіне адал қарауға міндетті. Қазір көбіне мұғалімдерге несие уақытымен төлемеу бойынша сот ісінен жиі хаттар жіберіліп жатады. Бұндай әрекет мұғалім мен оның беделіне қауіп төнуі мүмкін. Сондықтан ұстаздарды өз әрекеттері үшін жауапкершілікті арттыруға шақырамын.

Кеңес шешімі:

- 1/ «Есет батыр атындағы ОРОММИК» КММ-нің педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі бекітілсін
- 2/ Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.
3. «Жас мамандар мектебі» клубы мүшелерімен педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау туралы дөңгелек үстелдер өткізілсін.

Кеңес төрайымы:

М.Ж.Асанова:

Хатшы:

М.Шалабай